# МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫ

Қазақтың тау ұлы атанған, хантәңірі болған Мұқағали Мақатаевтің дүниеге келгеніне 90 жыл. Қазақ поэзия әлеміне шетсіз-шексіз кеңістік пен көз сүрінген биіктік әкелген ақиық ақын Мұқаңдардың сарқыты Мұқағали Мақатаевтің туғанына 90 жыл толды. Сөнбес жырлармен, өшпес өнегемен, таусылмас сезімдермен әдебиетте мәңгі қалған ақынның биыл мерейтойы.

Мақатаевтың көзі тірісінде 8 жыр жинағы мен 3 аударма кітабы жарық көрген. Ақын өзінің қысқа ғана ғұмырында мыңнан аса туынды қалдырған. 20-ға тарта түрлі сезім мен тартысқа толы поэмалар жазған. «Поэзия, менімен егіз бе едің?!» деп жырлап өткен ақын поэзия әлемінде өзіндік даралығымен, сыршылдығымен, терең толғаныстарымен аты жазылған. Мұқағали жазған естеліктерінің бірінде: «Иә, мен әдебиетті жақсы көремін. Мен үшін одан биік ештеңе жоқ» деп әдебиетті сүйетінін мойындаған болатын. Ол өзінің өлеңдерінің сезімге толы әсершілдігімен, адам жанының сезімін айқын суреттеуімен, табиғатты, өмірді, қоғамды, адамды терең ұғына алуымен ерекшеленеді. Өлеңдері ғашық болса жан тәнімен сүйіп, күйінсе шын күйініп, асқақтаса,қыран құстай биікке қалықтап, көңілі қалса шын аһ ұрып тұратындай сондай бояулы келеді. Мұқаң өзінің қысқа ғұмырында өмірді жырлап үлгеруге асыққан. Оны мына өлең шумақтарынан аңғаруға болады:

-Соқ, жүрек, солқылда, ми,
Тасы, қаным!
Өмірге айтылған жоқ ғашық әнім,
О, Муза!
Бір өзіңе бас ұрамын,
Тездеп жет,
Мен бір жаққа асығамын...

Дәл осылай, ақиық ақын өзінің уақытының қысқа екенін іштей сезгендей көрінеді. Бұндай асығыстық пен күйіністі көп өлеңдерінен аңғаруға болады. Бірде «Мен бір жаққа асығамын» десе, бір өлеңінде «Тағы, міне, қоштастым бір күніммен, Қош айтыстым бір күнгі тірлігіммен» деп өкініш пен қимастығын сездіреді.

Ақиық ақынның аты осылай аспандап, өлеңі осылай шарықтауда. Болашаққа жазып кеткен арызы өз деңгейінде қаралып жатқаны анық. «Меніңше, Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығы – алдағы 100 жылдықтың кіріспесі сияқты. Ендеше, ертеңге өнеге етер кәделерді бүгіннен дайындайық» деген пікірмен келісемін. Қазақта Мұқағали Мақатаев біреу ғана. Дара Мақатаев бар. Сол даралыққа тәнтың тойлау күтемін. Ертеңге өнеге етер кәделерді бүгіннен дайындайық!

**Ақмерей ШЫРЫНБЕКОВА,**
*М.Әуезов атындағы ОҚУ, филология факультеті, журналистика мамандығы бойынша Фи-21-11к3 тобының студенті,*
**Гулзира УТЕГЕНОВА,**
*жетекші.*